

«Кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу және болдырмау»	«Тобанияз атындағы ЖББМ» КММ-де 18-күні бірлескен жоспарына сәйкес, мектеп инспекторы М. Құлыбековтың қатысуымен 8-11 сыныптар арасында «Кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу және болдырмау» атты ата-аналар мен жиналыс болып өтті.	<a href="https://www.facebook.com/share/p/1ALnaUhKDM/?mibextid=wwXIfr">https://www.facebook.com/share/p/1ALnaUhKDM/?mibextid=wwXIfr</a>
---	---	---

## Тобанияз Атындағы Орта Мектеп

[22 сентябрь в 11:10](#) ·

Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектебінде 2025 жылдың 18 қыркүйегінде «Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу» тақырыбында ата-аналар мен оқушылардың қатысуымен жиналыс өткізілді.

Жиналыстың мақсаты – оқушылар арасында құқықбұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың, буллинг пен кибербуллингтің, нашақорлық пен топтық төбелестің, интернет алаяқтық пен өзге де теріс қылықтардың алдын алу, ата-аналардың жауапкершілігін арттыру, мектеп пен отбасының бірлескен жұмысын күшейту болды.

Жиынға Маңғыстау ауданының ЖПҚБ ЮПТ УПИ полиция лейтенанты Н. Серікұлы, ЖПҚБ УПИ полиция капитаны А. Нұрадинова, сондай-ақ оқу-әдістемелік орталықтың әдіскері Ә. Сәнеу қатысты.

Алдымен мектеп директоры сөз сөйлеп, құқықбұзушылықтың алдын алуда мектеп пен ата-ананың бірлескен жұмысының маңызына тоқталды. Кейін сөз алған полиция қызметкерлері жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылық түрлеріне тоқталып, заңға қайшы әрекеттердің салдарын түсіндірді. Әсіресе кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта заңсыз жүруін болдырмау, интернет алаяқтарынан сақ болу, буллинг, кибербуллингтің алдын алу мәселелері баса айтылды.

Жиын соңында ата-аналарға балаларының тәрбиесіне барынша көңіл бөлу, олардың күнделікті іс-әрекеттеріне бақылау жасау, мектеппен тығыз байланыста болу қажеттігі ескертілді.

[#МаңғыстауАудандықБілімБөлімі](#)

[#МаңғыстауАудандықОқуӘдістемелікОрталығы](#)

[#МаңғыстауОблыстықБілімБасқармасы](#)

[#Біртүтас тәрбие](#)

[#oqu\\_agartu\\_ministr\\_ligi](#)

[#ganibeisembayev](#)

[#medetbekovameruert](#)

[#anar\\_tanirbergenova18](#)

[#saule\\_amanzhol](#)

[#aqmoedu](#)

[#Kurmangalieva405](#)

[#saltanattemirgali](#)

<https://www.facebook.com/share/v/1CqJhZaF5p/?mibextid=wwXIfr>

[#rumcdo\\_official](#)